

Семинарларды өткізу

Ауыл шаруашылығы өңірлерінің әкімдері үшін «Агроөнеркәсіптік кешенінде мемлекет саясатын жүзеге асыру»

Сүтті ірі қара шаруашылығы саласындағы негізгі технологиялық ерекшеліктерімен таныстыру іс-шаралары семинар түрінде 03.10-08.10.16 ж. Қарағанды облысы «Тасбұлақ» шипажайында, 10.10-15.10.16 ж. Павлодар облысы «Мойылды» шипажайында, 17.10-02.11.16 ж. Ақмола облысы «Щучинск» шипажайында өткізілді.



Семинарларды өткізу барысында дәрістер «Сиыр» бөлімі бойынша оқытылып, бұнда сүтті бағыттағы ірі қара шаруашылығының тұқымдарымен таныстырылу жұмыстары, оларды сұрыптау мен жұп таңдаудың әдістері, ұрықтандыру, сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малды экстерьердің сапалық көрсеткіштері, желіні, аяқтары бойынша бағалау тақырыптары қозғалды.

«Комфорт» бөлімінде ірі қараны ұстау технологиясы, төлдерді өсіру, сүтті алу процесі, оны бағалау, сақтау және өңдеу пункттеріне жеткізу тақырыптары бойынша сұрақтар қарастырылды.



Семинарлардың соңында сынақ сүтті қабылдайтын өндірістік кооперативтерді құрудың бизнес жоспарлардың жобасын әзірлеу түрінде алынды.

Бизнес жоспар жобалары жақсы безендірілген презентациялар және А1 мен А3 форматтағы плакаттарда қорғалған болатын.

Бизнес жоспар жобаларын қорғау нәтижесінде әрбір аудан, өңір әкімінің бағаларын тізімдемеге тіркеген.



Оқылған дәрістерді сәтті меңгеріп, бизнес жоспарларды қорғау соңында Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облысының әкімдеріне сертификаттар берілді.

